

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ
СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ШӘКӘРІМ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ*

Тақырыбы: Тәрбие әдістері, оның мәні мен қызметі

*Орындаған: Серікқалиева М.Б , Ниязбек А.К
Кәрімова Р.Т, Сыдықова А.М
Топ: ДО-903
Тексерген: Турганбаева Т.Б*

Жоспар:

1. Тәрбие әдістері, анықтамасы, жіктелуі.
2. Адамгершілік (қоғамдық) сананы қалыптастыру әдістері:
3. Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру және іс-әрекетті ұйымдастыру әдістері: үйрету, жаттықтыру, ойын, тапсырма, педагогикалық талап.
4. Тәрбиедегі ынталандыру әдістері: жарыс, мадақтау, жазалау, оған қойылатын талаптар.
5. Өзін-өзі байқау және бақылау әдістері.

Тәрбие әдісі дегеніміз - оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара байланысты педагогикалық жұмыс тәсілдері. Әдістерді мұғалім тәрбиенің мақсатына, мазмұнына балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, тәрбиелік деңгейіне қарай іріктейді. Әдістер тәрбие мақсатына жетуге, оқушыларды қоғамдағы тәртіп ережелерін үйретуге, адамдармен қарым-қатынас жасауға, олардың жақсы тәжірибесін алуға көмектеседі.

Тәрбие әдістері төрт топқа ажыратылады:

Адамгершілік сананы қалыптастыратын әдістер

Іс-әрекет және қоғамдық тәртіп тәжірибесін қалыптастыратын әдістер

Тәртіпке, іс-әрекетке ынталандыратын әдістер.

Мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасау, өзін-өзі бақылау, ұйымдастыру және өзіне-өзі баға беруді, ұйымдастыруды жүзеге асыру әдістері.

Тәрбиенің мақсаттары мен міндеттерін және оларға жетудің жолдарын ұсыну тәсілін қолданып мұғалім оқушыларды идеялық адамгершілік көзқарастармен қаруландырып, өз еңбегі мен ұжым еңбегін жоспарлауға, ұйымдастыруға, еңбекпен іс-қызметтің мақсаттарына жету жолдарын таңдауға, іс-қызметтің сапасы мен нәтижелерін олардың алдағы мақсаттарға сәйкестігін анықтатуға үйретеді.

Бағдарлау - іс-қызметтік тәсіл оқушыларды еңбекке даярлауға қызмет етіп, еңбек белсенділігін туғызып, іс-қызметке жауапкершілікпен қарауды, халық игілігін молайту жолында еңбек ету қажеттігі сенімін қалыптастырады. Балалар күнделікті іс-қызметке қатысып, қоғамның материалдық саласында адамгершілік және еңбек бағдарларын дұрыс таңдап дамытады



Тәрбиенің мақсаты

- адамның табиғи қабілеттіктерін дамыту, әруақытта да оны жетілдіріп отыру.

Дене тәрбиесінің мақсаты

- оның барлық дене күштерімен мүмкіншіліктерін дамыту және нығайту, ал дене тәрбиесінің негізі – баланы ойнауға, бәрін ұстауға, әруақытта да әрекет етуге итермелейтін баланың қозғалысқа табиғи ұмтылуы.

Тәрбиенің міндеті

- адамды жан-жақты және үйлесімді дамыту.





Қарым-қатынас тәсілі (коммуникативтік тәсіл) - балалар мен ересектердің іс-қызмет кезіндегі қатынасына негізделіп, оқушылардың қоғамдық мінез-құлық нормаларын игеруіне көмектеседі. Оқушылар тәртіп ережелері жөніндегі ақпаратты топта, сыныпта, мектепте құрастырып, оны төменгі және жоғары сынып оқушылары, мұғалімдер, ата-аналар, ересек адамдар арасында жетілдіреді.

Бағалау тәсілі көмегімен мектеп оқушылары адамдардық қимыл-әрекеттерін, көзқарастарын, сенімдерін, тәртіп бағыттарын айқындауға, негіздеуге, өз іс-қызметін, оқу мен еңбектегі жетістіктерін, адамгершілік сапаларын өздері бағалауға үйренеді. Оқушы іс-қызметтің адамгершілік жақтарын бағалауға жаттығады. Мұғалім бағалауды, өзіне-өзі баға беруді қалыптастырып қамқорлық жасайды. Баға беру алынған білімді жеке тәжірибемен байланыстырып, оған жаңа қасиет береді.



Оқушыларды салауатты тәрбиелеу мектептегі тәрбие жұмысының бағыты

Эстетикалық істер- арнайы бағыттағы тәрбие жұмыстарының жалпы атауы, мақсаты- өмірге эстетикалық, қатынас баулу: еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына деген қатынасты таныту. Бұл тәрбиенің басты мідеті-эстетикалық, түсінік, баға, талқы, қажеттік, таңдау және қабілет дамыту.

Эстетикалық тәрбие тұлғада әсемдік сезімін дамытады. Адам әсемдікті сезінуден, өз өмірін сұлулық заңымен кұруға ұмтылады. Эстетикалық тәрбие адамгершілік, ақыл-ой, еңбек және дене тәрбиесімен тығыз байланысты. Табиғатқа, әдебиетке, театрға, музыкаға, поэзияға, көркем сурет және т.б. өнерге деген сүйіспеншілік адамның жан-жақты саналы дамуына әсер етеді. Дене тәрбиесі сұлулықтың көп элементтеріне арқау: дене дамуының үйлесімі, жүріс-тұрысы, адам мінезі, ойлау мәнері т.б.

Эстетика категориясының ең негізгісі - әдемілік, әсемдік категориясы. Әсемдік бұл өмірдің өзі, бұл табиғат және адам қарым-қатынасы мен оның еңбегінің жемісі. Ті процесінде эстетикалық білім дамыту шаралары бұл конкурс, викторина, мектеп мерекелері, үйірмелер, шығармашылық топтар т.б. Оқушылар оларда қысқаша мәлімет алып қана қоймай, эстетика ғылымын толықтай түсінуге бастау алады. Эстетика сабақтары оқушыларға эстетикалық таным заңдары мен заңдылықтарынан, өнердің жалпы принциптерінен ақпараттар береді.

Тәрбие үдерісінің ерекшеліктері:

Мақсатты бағытталуы;

Ұзақ мерзімділігі;

Үздіксіздігі;

Кешенділігі;

Баламалылығы;

Екіүштілігі;

Күрделілігі;

Педагогикалық қолдау

```
graph TD; A[Педагогикалық қолдау] --> B[Өсуіне және жетілуіне жағдай жасау]; A --> C[Баланың өзіндік таымдық және өмірлік тәжірибе алу мүмкіндігін беру]; A --> D[Өз ісінің субъектісі болу мүмкіндігін беру, жеке танымдық тәжірибесін дамыту];
```

Өсуіне және жетілуіне
жағдай жасау

Баланың өзіндік
таымдық және өмірлік
тәжірибе алу
мүмкіндігін беру

Өз ісінің
субъектісі болу
мүмкіндігін беру,
жеке танымдық
тәжірибесін
дамыту

Тәрбие процесі

- Тәрбие процесі-жеке адам мен балалар ұжымын әлеуметтік тұрғыдан қалыптастыруда, оларды, өмірге дайындап, қоғамда өз орнын таба білуге үйретіп, әрбір әрекетімен, қызметімен қоғамға пайда келтіруде, өз жеке басына қанағаттанған сезіммен қарауға тәрбиелеу.
- Тәрбие процесінің құрылысы өз ерекшеліктеріне байланысты алдына айқын мақсаттар қойып, тәрбие мазмұның соған негіздеп, оларды іс-жүзіне асыруда тәрбиенің формалары мен әдіс-тәсілдерін, объективтік мүмкіндіктерін сонымен қатар ең соңында жеткен жетістіктерінің қорытындысын белгілейді.
- Тәрбие проціесінің екі жақтылық функциясының мәні –педагогтің белгілі мақсат пен жасаған педагогикалық ықпалы, табиғи түрде, оқушының өмірі мен іс-әрекеттерінің үйлесуі қажет.

Әдістері

Оқушыға берілетін
білімнің ғылымдылығы
мен ойлау
көзқарасын дамыту
әдісі

Оқу бағдарламасымен
байланысқан жан-жақты ойлау
қабілетін арттыра отырып оқыту.

Оқушының пәнге
деген
қызығушылығын
арттыру әдісі

Баланың білім алуға
деген қызығушылығы
мен ынтасын арттыру.

Оқығудың
проблемалық әдісі

Оқу материалдарын
ұсыну арқылы қол
жеткізу.

Білім берудегі
жүйелілік әдісі

Оқушының игерген білімін
терең ойлап талдау
жасай алуы қажет.

Тәрбие мақсаты түсінігіне сипаттама

Тәрбие мақсатының тиімділігі төмендегі талаптарға байланысты



Сабақтастығы, яғни ол: а) тәрбие процесінде барлық мақсаттар мен міндеттердің арасындағы байланысты іске асыруды; б) мақсаттың ұсынылуы және негізделуінің педагогикалық іс-әрекеттің әрбір кезеңінде қамтамасыз етілуді талап етеді.

Нәтижеге бағытталуы, яғни мақсатқа жетудің нәтижелерін “өлшемдеу”, ол тәрбие мақсаты нақты белгіленген жағдайда ғана іске асырылуы мүмкін.

Тәрбие мақсаты түсінігіне сипаттама

Тәрбие мақсатының тиімділігі төмендегі талаптарға байланысты



Диагностикалануы, яғни мақсаттың ұсынылуы, негізделуі және түзетілуі педагогикалық процеске қатысушылардың қажеттіліктері мен Мүмкіншіліктерін, тәрбие жұмысының жағдайларын зерделеудің негізінде жүргізілуі тиіс

Реалдылығы, яғни мақсаттың ұсынылуы мен негізделуі нақты жағдайдың мүмкіншіліктерін ескеру арқылы іске асырылуы қажет, реалды жете алатындай мақсат болу тиіс



**Назарларыңызға
рахмет**